



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№14 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2015 жылғы 26 ақпан

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

**1. 2015 жылғы қантардағы инфляция.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің реңсі деректері бойынша инфляция 0,6% (2014 жылғы қантарда – 0,6%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 1,2%-ға (0,5%-ға), ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,7%-ға (1,0%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,1%-ға (2014 жылғы қантарда 0,3%-ға өсті) арзандады (1-график).


Азық-түлік тауарларының ішінде көп дәрежеде жемістер мен көкөністер 4,6%-ға, оның ішінде орамжапырақ – 15,2%-ға, картоп – 3,6%-ға, жарма – 1,6%-ға, оның ішінде қарақұмық жармасы – 2,6%-ға, жұмыртқа – 1,1%-ға, нан – 0,9%-ға, алкогольсіз сусындар – 0,8%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,5%-ға, ұн және күріш – 0,4%-ға қымбаттады. Қанттың және өсімдік-сары майдың бағасы 0,4%-ға төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарығында дәрі-дәрмектің бағасы 1,0%-ға, киім және аяқ-киім – 0,5%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,4%-ға өсті. Бензиннің құны 4,7%-ға, дизель отыны – 1,8%-ға төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,4%-ға өсті. Бұл ретте электр энергиясы үшін тарифтер 1,3%-ға, қоқыс жинау – 1,0%-ға, тұрғын үйді жалға алу – 0,5%-ға, тұрғын үйді ұстау – 0,2%-ға өсті. Бұдан басқа, құқықтық қызмет көрсету бағасы 7,5%-ға, көлік қызметі – 2,7%-ға, амбулаторлық қызмет, мейрамханалар мен қонақүйлер қызметі – 0,7%-ға, білім беру қызметі – 0,1%-ға өсті.

1-график

**2014 және 2015 жж. қантардағы инфляция және  
оның негізгі топтары**



**2. 2015 жылғы қантардың соңындағы халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары.**

2015 жылғы қантарда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері 0,5%-ға ұлғайды және 2015 жылғы қантардың соңында 29,1 млрд. АҚШ доллары болды. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,8%-ға ұлғайып, 28,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Өзгеріс Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығындағы операцияларымен, қолма-қол шетел валютасы көлемінің ұлғаюымен, банктердің Ұлттық Банктегі шоттарындағы шетел валютасы көлемінің азаюымен, алтын бағасының және ішкі нарықтағы сатып алудың өсуі

салдарынан алтындағы активтердің ұлғаюымен, сондай-ақ басқа операцияларымен байланысты болды.

Жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (71,8 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда, 100,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ақша базасы 3109,0 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, ягни банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3015,9 млрд. теңгені құрады.

Ақша массасы 12403,1 млрд. теңгені құрады, айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1035,7 млрд. теңге болды, банк жүйесіндегі депозиттер 11367,4 млрд. теңгені құрады. Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы желтоқсанның сонындағы 91,2%-дан 2015 жылғы қантардың сонында 91,6%-ға дейін өсті.

Ақша мультиликаторы 2014 жылғы желтоқсанның сонында 3,75-тен 2015 жылғы қантардың қорытындысы бойынша 3,99-ға дейін өсті.

### **3. 2015 жылғы қантардағы валюта нарығы**

2015 жылғы қантарда тенденция АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 182,35 – 184,45 теңге аралығында өзгерді. 2015 жылғы қантардың сонында тенденция биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 184,45 теңге болды.

2015 жылғы қантарда косымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 4,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар көлемі 1,1 млрд. АҚШ доллары болды.

Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 5,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

### **4. 2015 жылғы қантардағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2015 жылғы қантарда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 3 аукцион өтті. Оларда 5 жылдық МЕОКАМ (100 млн. теңге), 20 жылдық МЕУКАМ (50,0 млрд. теңге), 25 жылдық МЕУКАМ (103,7 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 5 жылдық МЕОКАМ бойынша – 6,30%, 20 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,07%, 25 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,37% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2015 жылғы қантардың сонында өткен аймен салыстырғанда 1,5%-ға ұлғайып, 4682,2 млрд. теңгені құрады.

#### **Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.**

2015 жылғы қантарда Ұлттық Банктің ноттарын орналастыру бойынша аукциондар өтпеді.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2015 жылғы қантардың сонында 11,9 млрд. теңге болды.

### **5. 2015 жылғы қантардың сонындағы жағдай бойынша банкаралық ақша нарығы.**

2015 жылы қантардың сонындағы жағдай бойынша орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі баламасында 2538,2 млрд. теңгені құрады.

Орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттердің көлемі 85,0 млрд. теңгені (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 3,3%-ын) құрады. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы желтоқсандағы 16,0%-дан 2015 жылғы қантарда 10,9%-ға дейін төмөндеді.

Орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 13,1 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 94,7%-ын) құрады. 2015 жылғы

қантарда орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда бұрынғы деңгейде 0,07% мөлшерінде сақталды.

Ресей рублімен және еуromен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы болды – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 1,9%-ы және 0,003%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы желтоқсанның соындағы жағдай бойынша 95,1%-дан 2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша 96,7%-ға дейін ұлттайтын. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы желтоқсанның соындағы жағдай бойынша 94,0%-дан 2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша 95,9%-ға дейін ұлттайтын.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша 39,0 млрд. теңгені құрады.

## **6. 2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша депозит нарығы**

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 11 367,4 млрд. теңге болды. Занды тұлғалардың депозиттері 7 069,4 млрд. теңге, жеке тұлғалардың депозиттері – 4 297,9 млрд. теңге құрады.

Шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 6 360,6 млрд. теңге, ұлттық валютада – 5 006,7 млрд. теңге болды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 44,0% құрады.

Халықтың банктердегі салымдары (резидент еместердің қоса алғанда) 4 336,2 млрд. теңге болды. Халық салымдарының құрылымында теңгемен салынған депозиттер 1 382,2 млрд. теңге, шетел валютасындағы депозиттер – 2 954,0 млрд. теңге болды. Халық салымдарының құрылымында теңгемен салынған депозиттердің үлес салмағы 31,9% құрады.

Мерзімді депозиттер 8 014,5 млрд. теңге болды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен салынған депозиттер 3 242,0 млрд. теңге, шетел валютасындағы депозиттер – 4 772,5 құрады.

2015 жылғы қантарда банктік емес занды тұлғалардың теңгемен салынған мерзімді депозиттерінің орташа алынған мөлшерлемесі 11,3% (2014 жылғы желтоқсанда – 8,8%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,6% (2014 жылғы желтоқсанда – 8,2%) болды.

## **7. 2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша кредит нарығы.**

2015 жылғы қантардың соында банктердің экономикаға кредит беруінің жалпы көлемі 12 166,0 млрд. теңгені құрап, 0,5%-ға өсті.

Теңгедегі кредиттердің көлемі 8 524,2 млрд. теңге, шетел валютасында – 3 641,7 млрд. теңге болды. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 70,1%-ды құрады.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2015 жылғы қантарда 9 665,9 млрд. теңгені құрап 0,6%-ға ұлттайтын, қыскамерзімді – 2 500,1 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға өсті. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 79,4%-дан 79,5%-ға дейін ұлттайтын.

Занды тұлғаларға берілген кредиттер 2015 жылы қантарда 8 178,2 млрд. теңге болып, 1,1%-ға өсті, жеке тұлғаларға – 3 987,8 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға төмендеді. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 33,2%-дан 32,8%-ға дейін төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъекттерін кредиттеу 1 787,4 млрд. теңге немесе экономикаға берілген кредиттің жалпы көлемінің 14,7% болды.

2015 жылғы қантардың соындағы жағдай бойынша салалық бөлуде банктердің экономикаға берген кредиттерінің айтарлықтай сомасы саудаға (жалпы көлемдегі үлесі – 20,0%), өнеркәсіпке (11,3%), құрылышқа (9,6%), ауылшаруашылығына (4,0%) және көлікке (3,6%) тиесілі.

2015 жылғы қантарда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақының мөлшерлемесі 17,4%, жеке тұлғаларға – 20,4% құрады.

## **8. Экономиканың нақты секторының кәсіпорындарына 2014 жылғы 4-тоқсанда жүргізілген мониторингтің нәтижелері туралы**

2014 жылғы 4-тоқсандағы экономиканың нақты секторындағы ахуалды бағалау мақсатында 2015 жылғы қантарда кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізді. Ел экономикасының негізгі салаларын құрайтын мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны 2014 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда ұлғайып, 2766 (2014 жылғы 3-тоқсанда – 2738) болды, оның ішінде орта және ірі кәсіпорындар – 1594-ке дейін (2014 жылғы 3-тоқсанда – 1577) болды.

2014 жылғы 4-тоқсанда тенгенің АҚШ долларына, евроға және Ресей рубліне қатысты бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметтіне теріс ықпалын сезінген кәсіпорындардың үлесі төмендеді және тиісінше 25,0%, 16,2% және 18,2% (2014 жылғы 3-тоқсанда тиісінше 27,0%, 18,4%, 19,4%) болды. Тенгенің осы валюталарға қатысты бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметтіне оң ықпалын сезінген кәсіпорындардың үлесі тиісінше 6,8%, 5,7% және 19,0%-ға дейін (2014 жылғы 3-тоқсанда тиісінше – 6,5%, 5,5%, 9,3%) ұлғайды.

2014 жылғы 4-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі 2014 жылғы 3-тоқсандағы 20,2%-дан 21,4%-ға дейін ұлғайды. Банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындар саны 2014 жылғы 3-тоқсандағы 38,1%-дан 35,9%-ға дейін азайды. 2015 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 23,6%-ы ниетті.

2014 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі жақсарды: инвестицияларды қаржыландыру мақсатында меншікті қарожаты мен банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындар үлесі тиісінше 62,9% және 6,3%-ға дейін (2014 жылғы 3-тоқсанда тиісінше 57,9% және 5,3%) ұлғайды. Инвестицияларды қаржыландырмagan кәсіпорындардың үлесі 2014 жылғы 3-тоқсандағы 36,5%-дан 31,8%-ға дейін төмендеді.

Кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер деңгейі мүлдем өзгерген жоқ және 11,8% құрады (2014 жылғы 3- тоқсанда – 11,7%), шетелдік валютада 8,4%-ға дейін төмендеді (2014 жылғы 3-тоқсанда - 8,8%).

2015 жылғы 1-тоқсанда «электрмен қамту, газ, бу беру және ауа баптау», сондай-ақ «ауыл, орман және балық шаруашылығы» салаларында дайын өнімге деген сұраныстың өсуі күтілуде.

2014 жылғы 4-тоқсанда тау кен өндіру өнеркәсібін қоса алғанда, барлық салалар кәсіпорындары мен тұтыну өнімдері мен қызметтерді өндіруші кәсіпорындардың дайын өнімдеріне бағаның өсуі баяулағаны байқалды. Шикізат пен материалдар бағасының өсуі «ауыл, орман және балық шаруашылығы», «құрылыш», «сүмен қамту, канализациялық жүйе, қалдықтарды жинау және бөлуді қадағалау» және «қайта өндеу өнеркәсібі» салаларында айтартылған баяулаған.